

Сұлтанғалиева Ольга Қашымқызың 6D020500–Филология мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін  
дайындалған «Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы  
ұлттық мінез» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
шетелдік көзесшінің

## ПІКІРІ


Ұлттық характер мәселесі әдебиеттану ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі. Ұлттық мінез – кейіпкердің өзіндік болмысы, жеке психологиялық ерекшелігі бар ұлттық сипаты. Көзес дәүіріндегі әдебиетте халықтық, интернационалдық сипатқа баса назар аударылып, ұлттық ерекшелікке қоңіл бөлінбей, оны жалпыұлттық белгілермен байланыстыра карау орын алды. Қай шығарманың да ұлттық бояуы болғанымен, бұл накты зерттеліп, зерделенбеді. Ұлттық мінез – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сойлеу өзгешелігі.

Көзес кезіндегі саяси шектеуден, социалистік реализм құрсауынан босаған қазақ көркемсөзінің дамуы алғашында баяулап, бұл қоғамда «қазақ әдебиеті токырауға ұшырады, бүгінгі заманың жедел даму қарқынына ілесе алмай қалды» деген пікірлер тудырды. Алайда көркемөнер тез күш жинап, уақыт кошінен қалмай, жемісті ізденістерге батыл кірісті. Ұшқыр да оңтайлы жанр поэзияда жаңа заман биігінен қарап жазылған бірқатар ұлкенді-кішілі шығармалар жаңа тақырып, тың сюжеттерді алып келді.

Қазіргі қазақ лирикасы қазақ поэзиясын дамытып, өзіндік сипат танытқан, қазақ әдебиетін тәуелсіздік тұсында жаңа белеске көтерген әдебиет үлгісі болып табылады, дәстүрді дамытқан дара туындылар, жаңашыл сипаттағы сыршыл поэзия дамуда.

Тәуелсіздік жылдары қазақ ақындары поэзия жанрында қалыптасқан дәстүрді жалғастыра отырып, мазмұн, түр ізденістеріне теренеді. Соңғы отыз жыл ішінде жазылған поэзиялық туындылардың ішінде осы жанрдың көркемдік үлгі-өнегелері өте күрделі. Олар қаламгерлердің ұлттық ауқымындағы шеберлік нақыштарымен ғана шектелмей, әлем әдебиетіндегі көркемдік үрдістерді қазақ топырағында жаңғырта, түлете білгендігімен қоңіл аудартады. Тәуелсіздік қаламгерлерге тақырып еркіндігін сыйлады. Нәтижесінде кезінде қалам қозғауға тыйым салынған тақырыптар қозгалды.


Докторант Сұлтанғалиева Ольга Қашымқызы зерттеу жұмысында қазіргі қазақ поэзиясы ғылымына елеулі үлесін қосып, тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез арқылы толық тақырыпты ашқан. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінезді салыстырмалы талдау арқылы орындаған және диссертациялық жұмыс қазақ әдебиеттану ғылымында поэзия жанрының дамуына өзіндік септігін тигізген. Диссертациядағы ғылыми пайымдаулар мен тұжырымдар тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі поэзиядағы қаһарман мінезін ашуда жаңа



1. Ғылыми зерттеме («Тәуелсіздікten кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез») докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.
2. Зерттеу жұмысының мән-мазмұнын, теориялық, практикалық құндылығын бағалай келе көпшілік алдында қорғауға жіберуге болады деп санаймын.
3. Еңбектің авторы, Сұлтанғалиева Ольга Қашымқызы, 6D020500– филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші,  
Кастомону университетінің  
профессоры, PhD

Prof. Dr. Orhan SÖYLEMEZ  
Çağ. Türk Leh. ve Edebi. Bölüm Başkanı



Hüseyin Göktan EROL  
Fakulte Sekreteri



Орхан Сойлемез